



ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны  
үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМҚ  
Бақылау кеңесінің  
2022 жылғы «1» желтоқсандағы  
шешімімен бекітілді



**ҚР ДСМ «ҰЛТТЫҚ ШҰҒЫЛ МЕДИЦИНАНЫ ҮЙЛЕСТІРУ  
ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ РМҚ 2022-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ  
СТРАТЕГИЯСЫ**

Астана қ., 2022 жыл



## **Мазмұны**

1-бөлім. Миссия, кіріспе.....	3
2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару.....	3
2.1. Стратегиялық бағыт 1. Шұғыл медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде медициналық авиация нысанында дамыту.....	3
А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері.....	3
В) Негізгі проблемаларға талдау.....	6
С) Тәуекелдерді басқару.....	7
2.2. Стратегиялық бағыт 2: Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде жедел медициналық көмек пен шұғыл медициналық көмек көрсетуді жетілдіру.....	8
А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері.....	8
В) Негізгі проблемаларды талдау.....	11
С) Тәуекелдерді басқару.....	13
2.3. Стратегиялық бағыт 3. Цифрландыруды дамыту.....	14
В) Негізгі проблемаларға талдау.....	14
А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері.....	14
С) Тәуекелдерді басқару.....	17
2.4. Стратегиялық бағыт 4. Ғылыми-білім беру қызметін дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту.....	18
А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері.....	18
С) Тәуекелдерді басқару.....	21
3-бөлім. Басым бағыттар.....	22
3.1. Стратегиялық бағыт 1. Шұғыл медициналық, оның ішінде медициналық авиация нысанында көмек көрсетуді дамыту.....	22
3.2. Стратегиялық бағыт 2. Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде жедел медициналық жәрдем мен шұғыл медициналық көмек көрсетуді жетілдіру.....	24
3.3. Стратегиялық бағыт 3. Цифрландыруды дамыту.....	26
3.4. Стратегиялық бағыт 4. Ғылыми-білім беру қызметін дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту.....	28
4-бөлім. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 - 2024 жылдарға арналған даму жоспарымен стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысының архитектурасы.....	31
5-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы индикаторлар.....	32
6-бөлім. Ресурстар.....	36



## 1-бөлім. Миссия, кіріспе

**Миссия:** Қазақстан Республикасының халқы үшін оның сапасы мен қолжетімділігін жақсарту жолымен шұғыл медициналық көмек көрсету.

**Кіріспе:** Пациентке бағытталған тәсілге, тұрақты дамуға, пациенттердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға, білім беру компонентін қолдана отырып, ұлттық және халықаралық стандарттарды енгізуге негізделген шұғыл медициналық қызметтің тиімді кластері.

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару

### 2.1. Стратегиялық бағыт 1. Шұғыл медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде медициналық авиация нысанында дамыту

*А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері*

Медициналық авиация желісі бойынша шұғыл медициналық көмек көрсету жөніндегі медициналық ұйымдардың қызметін табысты үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1724 қаулысымен ҚР ДСМ «Республикалық санитариялық авиация орталығы» ШЖҚ РМК құрылды. Бұдан әрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қаңтардағы № 12 қаулысымен Орталық ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК болып қайта аталды.

ҰШМҮО мақсаты Қазақстан Республикасының халқына медициналық авиация нысанында шұғыл медициналық көмек көрсету және жедел медициналық жәрдем мен шұғыл медициналық көмек көрсететін стационарлардың қабылдау бөлімшелерінің қызметін үйлестіру болып табылады.

Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету тәртібі, "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – Қағидалар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) айқындалған. Қағидаларға сәйкес, әуе көлігін медициналық көмек көрсету мақсатында пайдалану ҰШМҮО мен әуе кемелерін пайдаланушылар арасында жасалған шарттар негізінде де, дербес те көрсетіледі.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 68-қадамын іске асыру шеңберінде саланы реттеудің үздік әлемдік тәжірибелеріне сәйкес 2019 жылы мемлекеттің 100% қатысуымен «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ құрылды, оның



негізгі функциясы ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік саласындағы техникалық бақылау және қадағалау болып табылады.

Қазіргі уақытта ҚАӘ 53 ұйымнан тұратын Қазақстан Республикасы авиакомпанияларының тізімін анықтады. Олардың ішінде тек 17 авиакомпанияның медициналық авиация желісі бойынша авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлігі бар, яғни Қазақстан Республикасының аумағында халыққа медициналық көмек көрсету және санитариялық іс-шараларды өткізу үшін ұшуға рұқсаты бар.

ҰШМУО- да жеке әуе көлігінің болмауына байланысты пациенттерді әуе кемелерін пайдалана отырып тасымалдау авиакомпаниялармен шарттық негізде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта медициналық авиация желісі бойынша куәлігі бар 17 авиакомпанияның 8-мен авиациялық қызметтерді сатып алу шарттары жасалды, бұл 47% - құрайды: «Орлан-2000 АҚ» ЖШС, «АЭРО АҚ» ЖШС, «East Wing» АҚ, «Навигатор АҚ» ЖШС, «Тараз Жаңа Әлем» ЖШС, «Қазавиақұтқару» АҚ, «Азия Континенталь Авиалайнс» АҚ ЖШС, «DALA AIR» ЖШС.

Айта кету керек, «Тікұшақ қызметтерін ұсыну жөніндегі бірыңғай операторды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 72 қаулысына сәйкес бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тікұшақ қызметтерін көрсету жөніндегі бірыңғай оператор болып «Қазавиақұтқару» АҚ («Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабы 60-1) тармақшасына сәйкес) айқындалды.

Салыстырмалы түрде жарақтандырылған әуежайлардан басқа, облыс орталықтарында және Республикалық маңызы бар қалаларда Қазақстанда негізінен олар үшін белгіленген авиациялық нормаларға сәйкес келмейтін тікұшақ алаңдарының аздаған саны сақталған.

Үкіметтің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 қаулысымен бекітілген ҚР әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына және ҚР азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларына 2017 жылғы 28 шілдедегі № 509 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15852 болып тіркелген) сәйкес түнгі уақытта және көру мүмкіндігі шектеулі жағдайларда тікұшақтардың ұшуын тек тиісті Жарық сигналымен және басқа жабдықтармен жабдықталған алаңдардан ғана жүзеге асыруға болады. Қазіргі уақытта түнгі уақытта және күрделі метеожағдайларда ұшуды / қонуды орындау облыс орталықтарының, Астана, Алматы, Балқаш, Жезқазған және Семей қалаларының арнайы жабдықталған базалық әуежайларында ғана мүмкін болады.

Тәулік бойы және барлық ауа-райында тікұшақ алаңдарының дамымаған желісі жағдайында тікұшақ техникасын қолдану аясы айтарлықтай қысқарады, ведомстволық, әлеуметтік және корпоративтік міндеттерді шешу кезінде шұғыл және жедел ден қою мүмкіндіктері шектеледі. Сонымен қатар, тиісті жер үсті



инфрақұрылымының болмауы қарапайым метеорологиялық жағдайларда күндізгі уақытта да ұшу қауіпсіздігін төмендетеді.


Шалғайдағы елді мекендердің, медициналық мекемелердің, магистральдық автожолдардың, құқық тәртібі мен ТЖ желісі бойынша ықтимал қауіпті объектілердің жанында тікұшақ алаңдарының болмауы авиация үшін уақтылы және қауіпсіз қажетті ден қоюды мүмкін етпейді. Инфрақұрылымдық шектеулер салдарынан тұрақты қажеттілікке қарамастан, түнгі уақытта және күрделі метеорологиялық жағдайларда ұшуға өтінімдерді авиакомпаниялар қабылдамайды.

ҰШМҮО өз қызметінде әуе кемелерін: "Қазавиақұтқару" АҚ-ның Қазақстанда құрастырылған ЕС-145 мамандандырылған тікұшақтарын және басқа да бірнеше жеке отандық авиакомпаниялардың ұшақтарын пайдаланады. Қажетті жағдайларда ҚР азаматтарын басқа елдерден жеткізу үшін белгіленген көрсеткіштер бойынша ИКАО нормаларына сәйкес келетін шетелдік авиакомпаниялардың ұшақтары пайдаланылады.

2021 жылдан бастап жаңа әуе кемелері тартыла бастады, мысалы: Pilatus RS-12 және L-410 ұшақтары, мамандандырылған H-145 тікұшақтары.

Мәселен, 2021 жылы 37 бірлік әуе кемесі – 24 ұшақ (Як-40 – 2, Ан-24 – 2, Ан-2 – 17, Pilatus PC-12 – 1, L-410 – 2) және 13 тікұшақ (ЕС-145) тартылды. 2020 жылы 8 авиакомпаниямен шарттар жасалды және 33 әуе кемесі – 20 ұшақ (Як-40 – 3, Ан-24 – 1, Ан-2 – 16) және 13 тікұшақ (ЕС-145) тартылды.


1-сурет



2021 жылы ҰШМҮО-ға медициналық қызмет көрсету үшін 3 163 өтінім келіп түсті, 2 586 ұшу орындалды, оның ішінде тікұшақтармен-670, ұшақтармен-1 916 (оның ішінде 38 ұшу азаматтық авиацияның тұрақты рейстерінің әуе кемелерімен орындалды), медициналық авиацияның мобильдік бригадаларымен 3 950 пациентке медициналық көмек көрсетілді, 4 960 медициналық қызмет орындалды. 2020 жылы медициналық қызмет көрсету үшін 2 185 ұшу орындалды, МАМБ 3833 пациентке медициналық көмек көрсетілді, 4 637 медициналық қызмет орындалды.



2-сурет




**2020 және 2021 жылдарға арналған ҰШМҮО көрсеткен медициналық қызметтердің саны**

МА медициналық қызметтері	2020 жылы	2021 жылы	Ауытқу, абс. (%)
Қызметтер саны, оның ішінде:	4622	4960	323 (7%)
- тасымалданғандар саны:	2445 (13 шетел)	2615 (8 шетел)	165 (6,7%)
- донор ағзаларын тасымалдау:	2	4	2 (100%)
- өткізілген консультация саны:	263	254	12 (-4,5%)
- жасалған операция саны:	165	176	11 (6,7%)
- ҚМҚ:	1749	1915	166 (9,5%)

Донорлық органдарды (жүрек, бауыр, екі бүйрек және көз алмасы) алу бойынша мамандарды тасымалдау үшін Астана қаласынан 4 ұшу орындалды. 2020 жылы донорлық органдардың 2 тасымалы орындалды.

3-сурет



**В) Негізгі проблемаларға талдау**

1. **ӘК медициналық модулімен жабдықталуының төмен үлесі.** Бүгінгі таңда мүмкін болатын жарақтандырудың үш нұсқасының ішінен (авиакөлікті стационарлық жарақтандыру, мобильді жарақтандыру және аралас жарақтандыру) тек 2 нұсқа пайдаланылады, бұл мынадай тәуекелдерді шарттайды:

- тозу қаупі;
- қателердің өсуі;





- бөлшектерді жиі ауыстыру;
- қайта зарядталатын батареялардың істен шығуы.

2. Медициналық авиацияның тиісті көлемде кезек күттірмейтін көмек көрсетуі үшін әлсіз дамыған әуеайлақ инфрақұрылымы: шалғайдағы елді мекендер маңында және облыстық ауруханалар мен республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы ірі көпсалалы орталықтар аумағында тікұшақ алаңдарының болмауы. Дамымаған авиациялық инфрақұрылым шұғыл және ТЖ басталған кезде жедел ден қоюды қиындатады.

3. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тікұшақ қызметтерін ұсыну бойынша нарықты монополиялау. Заңның ережелері тікұшақ қызметтерін көрсету саласындағы бәсекелестікті шектеуге ықпал етеді, өйткені олар аталған бірыңғай операторға ерекше мәртебе мен артықшылықтар береді, мысалы, басқа субъектілерде жоқ мемлекеттік органдар мен бюджеттік ұйымдарға тікұшақ қызметтерін ұсыну бойынша. Бұдан басқа, бұл нормалар Үкімет айқындаған оператордан, яғни "Қазавиақұтқару" АҚ-дан баламасыз негізде тікұшақ қызметтерін алу мүмкіндігін туғызады. "Қазавиақұтқару" АҚ жетіспейтін жарамды әуе кемелерінің саны жағдайында қолданыстағы парк республиканың бірқатар облыстарының тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету үшін тікұшақ техникасын пайдалану арқылы ҰШМҮО-ның авиациялық қызметтерге қажеттілігін қамтамасыз етпейді. Тапшылық 7 тікұшақты құрайды.

4. Ескірген ӘК пайдалану. Жаңа ӘК-ді басымдықпен пайдалануға қарамастан, орташа қызмет ету мерзімі 40 жылдан асатын Як-40, Ан-2 үлгісіндегі ескірген әуе кемелерін пайдалану орын алуда.

5. Бірқатар әуе кемелерінің бортында трекерлік-навигациялық жүйенің болмауы. Ұшу уақытын қоса алғанда, ӘК ұшу бағытын белгілі бір бағыттар бойынша қадағалау бортта трекерлік-навигациялық жүйенің болмауына байланысты мүмкін емес болып табылады. Бұл нақты ұшу уақытының ықтимал бұрмалануымен байланысты тәуекелдерді қамтиды.

### С) Тәуекелдерді басқару

Мүмкін болатын тәуекелдің атауы	Тәуекел туындаған жағдайда іске асырылатын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
<b>Сыртқы тәуекелдер</b>	
Сыртқы факторлардан (халық денсаулығының нашарлауы, ерекше кезең экономикасының ағымдағы жағдайы және т. б.) туындаған медициналық авиация қызметтерін көрсетуге мұқтаж адамдар санының өсуі;	Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға шұғыл көмек көрсетудің қосымша көлеміне қаражат бөлу немесе бюджет қаражатын қайта бөлу қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізу.
<b>Ішкі тәуекелдер</b>	
Санитариялық көлікпен әуе оқиғаларының қаупі	Медициналық авиация қызметінің қажеттіліктері үшін заманауи әуе кемелері мен



	медициналық жабдықтарды сатып алу, сондай-ақ медициналық персоналды халықаралық стандарттар негізінде медициналық көмек көрсетуге оқыту арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін ұшулар мен пациенттердің қауіпсіздігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу және талаптар әзірлеу. Беделді тәуекелдерді жою жөнінде шаралар қабылдау (БАҚ-пен, жұртшылықпен жұмыс)
--	---

## **2.2. Стратегиялық базыт 2: Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде жедел медициналық көмек пен шұғыл медициналық көмек көрсетуді жетілдіру**

### **А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері**

ЖМЖ-ны дамытудың жаңа тұжырымдамасы шеңберінде орталықтандыру-ЖМЖ-ның біріккен қызметі жүргізілді, оның құрылымына облыстық (қалалық) ЖМЖ станциялары, аудандық ЖМЖ бөлімшелері және медициналық авиация бөлімшелері кіреді. Бұл норма ЖМЖ қызметін бірыңғай заң басқаруды, медициналық жабдықтардың жұмысына бірыңғай бақылау мен аудитті, медициналық жабдықтармен және дәрілік препараттармен орталықтандырылған қамтамасыз етуді, облыстық деңгейде қоңырауларды басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін, сондай-ақ барлық деңгейдегі ЖМЖ медицина қызметкерлерін оқытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында ЖМЖ қызметі 18 дербес станциядан, 130 қалалық қосалқы станциядан және 285 аудандық бөлімшеден тұрады.

"Қазақстан Республикасында жедел медициналық жәрдем автомобиль көлік құралдарына таңбаланатын қосымша белгілер мен жазбалардың номенклатурасын айқындау туралы" 2018 жылдан бастап ҚР ДСМ-нің 2017 жылғы 3 қарашадағы № 811 бұйрығына сәйкес еліміздің ЖМЖ-ның барлық санитариялық автокөліктері бірегей бірыңғай республикалық стандартқа келтіріледі: күлгін түсті жарық шағылыстыратын элементтерді жағып, лимон түсіне боялады, сиреналардың сигналдық дыбыстары күшейтілді. 2021 жылы санитариялық автокөліктің 100% – ы қайта дизайнын қайта өзгертті (2020 ж. – 97%).

ЖМЖ санитариялық автокөлігінің GPS-навигация жүйесі енгізілді, бұл санитариялық автокөлікті тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы бойынша 2021 жылы GPS-навигацияны жарақтандыру көрсеткіші 100% -. құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 5% - ға жоғары.

2019 жылы «Қоңырауды ұстап тұру» қағидаты енгізілді, онда ЖМЖ бригадасы келгенге дейін пациенттің өміріне қауіп төндіретін жай-күйлері кезінде АБЖ бағдарламасында қоңырауларды қабылдау жөніндегі диспетчер





негізгі картаның нөмірін белгілей отырып, қосымша консультациялық карта жасайды және келесі шұғыл жағдайларда телефон арқылы шақырушыға консультация жүргізеді:

- ✓ жүрек қызметінің тоқтауы;
- ✓ тыныс алу жеткіліксіздігі;
- ✓ жүрек қан тамыр жеткіліксіздігі;
- ✓ ересектерде, балаларда және жаңа туған нәрестелерде бөтен дененің жоғарғы тыныс жолына енуі;
- ✓ жіті коронарлық синдром;
- ✓ ми қан айналымының жедел бұзылуы;
- ✓ гипертониялық криз;
- ✓ гипо-гипергликемиялық жағдай;
- ✓ есінен тану;
- ✓ қан кету;
- ✓ құрысулар;
- ✓ үйде босану.

2020 жылы ЖМЖ қызметкерлері мен бригадаларының жұмысы бойынша 13 SOP әзірленді.

Сонымен қатар, «Халықаралық стандарттарға сәйкес жедел медициналық жәрдем көрсету дағдыларына оқыту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Вице-министрінің 2021 жылғы 25 ақпандағы № 105 бұйрығы әзірленді және бекітілді.

Облыстық / қалалық ЖМЖС қызметіне мониторинг жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасында 2022-2023 жылдарға арналған жедел медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі 2022 жылғы 22 маусымдағы № 496 жол картасы әзірленді.


Қазақстан Республикасы бойынша ЖМЖ қызметінің 2021 жылғы негізгі көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижесінде 2020 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда мыналарды атап өткен жөн:

- ЖМЖ шақыртуларының санын 15,1%-ге ұлғаюы;
- кеш қызмет көрсетілген қоңыраулар үлесінің 1,3% - ға төмендеуі.

Статистикалық деректерге сәйкес, 2021 жылы ҚР бойынша ЖМЖ қоңырауларының саны 8 252 281 қоңырауды құрады, бұл 2020 жылғы қоңыраулардың санынан 1 079 843 қоңырауға (15,1%) артық (7 172 438 қоңырау). 1000 тұрғынға шаққанда бұл көрсеткіш орта есеппен 424 (2020 ж. – 375) құрады.

4-сурет

Республика бойынша жеделділік санаттары бөлінісінде шақырулардың



құрылымы:



2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда кеш қызмет көрсетілген шақыртулар санының 1,3% - ға (47 393 қоңырауға) төмендеуі байқалады. Мәселен, 2021 жылы елімізде бұл көрсеткіш қоңыраулардың жалпы санының 4,3% - ға құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштің 1,3% - ға (5,6%) төмен.

2021 жылы ЖМЖ шақыруға қызмет көрсетудің орташа уақыты – 31 мин. (2020 жылы – 30,4 мин.).

2020 жылы қаржы лизингінің бірінші және екінші кезеңдері шеңберінде республикалық бюджет есебінен 1167 бірлік санитариялық автокөлік сатып алынды, оның ішінде 432 (37%) бірлік санитариялық автокөлік ЖМЖ ауылдық бөлімшелеріне берілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша республика бойынша санитариялық автокөлікпен қамтамасыз ету 98% (2020 ж. – 98%) құрайды, бұл ретте тозу-31% құрайды.

Бекітілген нормативке сәйкес ЖМК станцияларының медициналық бұйымдармен жарақтандырылуы республика бойынша 97% - ға құрады.

ҰКО ООО жаттықтырушы-нұсқаушылары жедел медициналық көмектің халықаралық стандарттарына сәйкес ҚР ЖМК станцияларының қызметкерлерін оқытады. 2021 жылы тыңдаушылар халықаралық стандарттарға оқытылды: BLS – 10 787, ACLS – 9 808, PALS – 9 624, PhTLS – 9 319, қауіпсіз жүргізу – 4 991. 2020 жылы: BLS – 11 925, ACLS – 11 752, PALS – 11 406, PhTLS – 11 469, қауіпсіз жүргізу – 6 115.

Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерінің қызметін жетілдіру мақсатында ДСМ бұйрығымен триаж-жүйе (қызыл, сары және жасыл аймақ) бойынша Медициналық іріктеуді жүргізе отырып, қабылдау бөлімшелерін жаңа форматта ұйымдастыру қағидалары бекітілді.

«Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» 005 республикалық ББ шеңберінде 2018 жылғы 26-31 наурыз аралығында Түркия Республикасы Башкент университетінде 18 пилоттық ӘБ қабылдау бөлімшелерінің меңгерушілерін оқыту өткізілді. Тағылымдама аяқталғаннан кейін пилоттық ұйымдар бөлімшелерінің меңгерушілері барлық жерде өз қызметкерлерін триаж-жүйеге оқытуды жүргізді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерінің қызметін жетілдіру» пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» ҚР ДСМ 2019 жылғы 5 маусымдағы № 299 бұйрығы әзірленіп, бекітілді. Бұйрықпен облыстық деңгейдегі 30 пилоттық ұйым және пилоттық жобаны іске асыру жөніндегі жол картасы бекітілді.

ҰШМҮО жол картасының іс-шараларын орындау қорытындысы бойынша стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелері деңгейінде өңірлердің денсаулық сақтау басқармаларына рейтингтік бағалау жүргізілді. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша



қабылдау бөлімшелері деңгейінде 8 іс-шара бойынша бағалау жүргізілді. ҚР бойынша Жол картасының іс – шараларын орындау-59%.

Бұдан басқа, ҚР-дағы халықаралық тәжірибені зерделеу нәтижелері бойынша "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № ҚР ДСМ-27 бұйрығы әзірленді және бекітілді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22493 болып тіркелген).

Қабылдау бөлімшелерінің жаңа форматын енгізу нәтижесінде пациенттің шұғыл медициналық көмекті күту уақыты қысқарды. Енгізілгенге дейін пациенттерге шұғыл медициналық көмекті күту уақыты 39,1 минутты құрады. Енгізілгеннен кейін:

- қызыл аймақтағы пациенттерге медициналық көмек дереу көрсетіледі;
- сары аймақтағы пациенттерге – 15 минутқа дейін;
- жасыл аймақтағы пациенттерге – 30 минутқа дейін.

2021 жылы BLS халықаралық стандарты бойынша қабылдау бөлімінің 1 451 дәрігері (38%) және 2 362 орта медициналық персонал қызметкері (62%) оқытылды. ACLS-те 1297 дәрігер (40%) және 1946 орта медициналық персонал (60%) оқытылды. PALS 1 218 дәрігер оқытылды, бұл 40,4% және 1 796 орта медициналық персонал (59,6%) болды. PHTLS қабылдау бөлімшесінің 1 117 дәрігері оқытылды, бұл – 37,8% және орта медициналық персоналдың 1 835 қызметкері (62,2%). NRP-де 176 дәрігер (22%) және 623 орта медициналық қызметкер (88%) оқытылды. «KazMedConsult» ЖШС-мен бірлесіп Ақмола, Павлодар, Қостанай, Алматы, Қарағанды және СҚО-да триаж-жүйе бойынша стационарлардың қабылдау бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру бойынша мастер-класс ұйымдастырылды.

### *В) Негізгі проблемаларды талдау*

*1. Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығына әсер ететін емдеуге жатқызуға дейінгі жоғары өлім - жітім (әсіресе ҚЖА, онкология, жарақаттар және т.б.).*

Бүгінгі күні ҚЖА– да (ми қан айналымының жедел бұзылуы, декомпенсация сатысында жүректің созылмалы ишемиялық ауруы, өкпе эмболиясы, өкпе эмболиясы, цереброваскулярлық аурулар, жүрек жеткіліксіздігі, атриальды фибрилляция және жыпылықтау, стенокардияның басқа түрлері және т. б.) және 2021 жылы ҚЖА-1 311 себебінен ЖМЖ шақыруларының жалпы санымен емдеуге жатқызуға дейінгі жоғары өлім-жітім сақталады 784 шақырту, ауруханаға дейінгі өлім – жітім 26,6% құрады (2020 жылы ҚЖА-1 себебінен ЖМЖ шақыртуларының жалпы саны 248 888 шақырту, емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім 26,1% - ды құрады).



2. Жеткіліксіз жарақтандыру: санитариялық автокөліктің тозу деңгейі-31%.

3. ҰШМҮО деңгейінде статистикалық есептілікті және көлік құралдарының қозғалысын қалыптастыру үшін *бірыңғай автоматтандырылған басқару және мониторинг жүйесінің болмауы.*

4. *Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету дағдыларының жеткіліксіздігі (BLS, ACLS, PALS, PHTLS және т.б.).*

5. *ЖМЖ төмен тарифі.* ЖМЖ қызметінің қолданыстағы тарифі барлық шығыстарды толық көлемде қамтымайды және медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігінің, уақтылығының және сапасының төмендеуімен байланысты елеулі тәуекелдерді көздейді.

6. *ЖМЖ облыстық және қалалық станцияларының үлгілік ғимараттарының болмауы.* Жеті өңірдің (Ақмола, Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, СҚО) үлгілік ғимараты жоқ, бейімделген ғимараттарда орналасқан. Қосалқы станциялардың бір бөлігі жалға алынған үй-жайларда орналасады. ЖМЖ бригадаларының демалуы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау үшін тиісті жағдайлар жасалмаған. Бірқатар өңірлерде санитариялық автокөліктерге арналған гараждардың болмауы мәселесі өзекті болып қала береді. Ғимарат салынғаннан бері көптеген аймақтарда күрделі жөндеу жұмыстары жоқ, бұл ұлттық аккредиттеуден өтуге мүмкіндік бермейді.

7. *ЖМЖ бригадаларымен жабдықталу деңгейінің жеткіліксіздігі.* 2021 жылдың қорытындысы бойынша бригадаларға қажеттілік 38 құрады (Атырау облысы – 5, Батыс Қазақстан облысы-8, Қарағанды облысы – 2, Қостанай облысы – 3, Қызылорда облысы – 3, Маңғыстау облысы – 3, Астана қаласы – 13).

8. *Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетудің емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңінде бір ұйым форматында қажетті бейінді бөлімшелердің/мамандардың болмауы.* Бұл проблемаға ЖМЖ бригадалары біріктірілген жарақаты немесе белгісіз патологиясы бар пациенттерді емдеуге жатқызу қажет болған жағдайда тап болады. Бейіндік стационарды анықтаудың ұзақ процесі уақыт жоғалтуға әкеледі, бұл ақыр соңында медициналық көмектің тиімділігіне әсер етеді және мүгедектік пен өлім қаупін арттырады.

9. *Пациенттердің жоғары қайта жүгінуі.*

10. *Қабылдау бөлімшесінде медициналық көмек көрсету сапасына пациенттердің төмен қанағаттануы-58,8%.*

11. *Стационарлардың қабылдау бөлімшелері тиісті медициналық жабдықтар кешенімен жабдықталмаған.* Қолданыстағы медициналық бұйымдардың тозуы, қабылдау бөлімшелерінің жеткіліксіз жабдықталуы сияқты проблемалар бар.

Сондай-ақ, санитариялық автокөлікке арналған кірме жолдардың болмауы, мамандандырылған жабдықтарды орналастыру, медициналық ұйымдарда



тікұшақ алаңдарының болмауы және т. б. сияқты инфрақұрылымның проблемалық сәттері бар.

*С) Тәуекелдерді басқару*

Мүмкін болатын қауіптің атауы	Тәуекел туындаған жағдайда іске асырылатын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
<b>Сыртқы тәуекелдер</b>	
Осы қызмет түрінің сапасы мен тиімділігіне халықтың наразылығының өсуі.	БАҚ және медиа кеңістікте ЖМЖ қызметінің имиджін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту
ТЖ, техногендік және экологиялық апаттар (зілзалалар) және пандемия салдарынан шұғыл медициналық көмекке қажеттілікті арттыру	ЖМЖ қызметін күшейтуге бағытталған шаралар кешенін қабылдау (медициналық кадрларды жұмылдыру, дәрілік заттармен жарақтандыру және т.б.).
Жаһандық және өңірлік экономикалық жағдайдың нашарлауы	Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға қабылдау бөлімшелерін қаржыландырудың қосымша көлеміне қаражат бөлу немесе бюджет қаражатын қайта бөлу қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізу
<b>Ішкі тәуекелдер</b>	
Жоғары жүктемеге, медицина қызметкерлерін қолдау шараларының жеткіліксіздігіне байланысты медицина кадрларының кетуі	Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға шұғыл көмек көрсетудің қосымша көлеміне қаражат бөлу немесе бюджет қаражатын қайта бөлу (жалақыны арттыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б.) қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізу.
Дәрігерлер мен медбикелердің жалақы қорын ұлғайтуға, ЖЖМ дәрі-дәрмектерін, қосалқы бөлшектерді сатып алуға, АБЖ-ны шақырулармен және навигациялық жүйелермен сүйемелдеуге жеткіліксіз қаржыландыру	Уәкілетті мемлекеттік органдарға ЖМЖ тарифін көтеру туралы ұсыныстар енгізу және жауапты тұлғалардың қатысуымен селекторлық кеңестер өткізу.  Шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде ресурстарды тиімді үйлестіру.
Жедел медициналық жәрдем қызметі мен кіші медициналық персонал жүргізушілерінің жалақысы төмен	ЖМЖ жүргізушілері жұмысының ерекшелігін ескере отырып, жүргізушілер мен кіші медициналық персоналды 2022-2025 жылдарға арналған медициналық ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын жыл сайын 20% - ға арттыру жөніндегі лауазымдар тізбесіне қосу туралы мәселені қарастыру. ЖМЖ жүргізушілері мен кіші медициналық персоналдың жалақысын кезең-кезеңімен ұлғайтуды көздеу.
Жылдам тозатын және ескірген инфрақұрылым мен жабдық	Денсаулық сақтаудың осы секторына тікелей инвестицияларды (оның ішінде шетелдіктерді) тарту үшін жағдайлар жасау және МЖӘ дамыту
Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде триаж-жүйелерді	Іс-шараларды орындау және триаж жүйесін енгізу үшін қосымша қаржыландыру. Халықаралық





енгізудің және қызметкерлерді оқытудың жеткіліксіз деңгейі	стандарттарға сәйкес қабылдау бөлімшелерінің қызметкерлерін 100% оқытумен қамтамасыз ету
--	--

### 2.3. Стратегиялық бағыт 3. Цифрландыруды дамыту

#### В) Негізгі проблемаларға талдау

Денсаулық сақтауды цифрлық жаңғырту қазіргі уақытта отандық денсаулық сақтауды жаңғыртудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырылуда. Сонымен қатар, жекелеген жобалардың айқын табыстылығына қарамастан, елдің денсаулық сақтау мекемелерінің көпшілігінің күнделікті жұмысына цифрландыру әдістерін жаппай енгізу жеткіліксіз болып қалуда.

Негізгі проблема-цифрландыруды қаржыландырудың және нормативтік қамтамасыз етудің нақты регламенттелген тетігінің, электрондық технологияларды қолданудың ғылыми негізделген алгоритмінің болмауы, техникалық жарақтандыру мен оқытылған кадрлардың тапшылығы.

Сонымен қатар, шалғайдағы ауылдық жерлерде Интернеттің қолжетімділігі, құны және сапасы, жақсы компьютерлік техниканың болуы сияқты инфрақұрылымдық проблемалар бар. Медициналық қызметкерлердің жұмыс орындарын компьютерлік техникамен жабдықтау бойынша жүргізілген жұмыстарға қарамастан, көптеген ұйымдар компьютерлердің ескірген модельдерін қолдануды жалғастыруда.

Ауылда көптеген ескірген медициналық техникалар бар, олар зерттеу нәтижелерін цифрлық форматта бермейді немесе заманауи компьютерлік техникамен қолдануға болмайтын ескірген деректер алмасу технологияларын қолданады.

#### А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері

Қазіргі әлемде шұғыл медицина қызметі жаңа деңгейге көтерілді. Қызметтердің жұмысында пациенттерге көмек көрсетудің жаңа жабдықтары, препараттары және тіпті жаңа әдістері қолданылады. Осы процестерді сәтті іске асыру үшін шұғыл медицина қызметіндегі барлық осы бизнес-процестерді басқару үшін ақпараттық жүйені әзірлеу қажет.

Жаңадан келіп түскен пациенттер туралы ақпараттың есебін жүргізу және осы ақпаратты сақтау бұрын қағаз тасығыштардың көмегімен жүргізілді, олар өз кезегінде ақпаратты сақтаудың сенімсіз әдісі болып табылады. Өйткені, ақпаратты жоғалту немесе оны редакциялау фактісі жоққа шығарылмайды. Архивтік деректерді іздеу сәті де проблемалы болып табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, шұғыл қызметтің бизнес-процестерін іске асыру, сондай-ақ ақпаратты сақтау мақсатында Ақпараттық жүйелерді енгізу осы қызмет жұмысының қажетті атрибуты болып табылады. Мысалы, АҚШ ауруханаларындағы шұғыл ден қою департаменттері





(Қазақстандағы шұғыл медицина қызметінің аналогы) EDIS ақпараттық жүйесін пайдаланады, ол шұғыл медицина орталығына түсетін пациенттердің есебін жүргізуге ғана емес, сонымен қатар медициналық құралдардың берілуін, медициналық жабдықтардың мазмұнын, шұғыл медициналық көмек бригадаларын есепке алуды бақылауды жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ менеджмент құралы болып табылады шұғыл медициналық көмек көрсету процесіне тартылған медициналық мекемелер мен бөгде ұйымдар арасындағы байланыстар.

ҰШМҮО жұмысының ерекшелігі шұғыл қызметтер мен медициналық авиацияның бірлескен жұмысын көздейді, сондықтан бірыңғай автоматтандырылған кеңістікте қызметтердің барлық бизнес-процестерін жүзеге асыратын бірыңғай жүйені құру қажет. Осындай күрделі ақпараттық жүйенің функционалдық дұрыс жұмыс істеуі үшін шешім қабылдаудың бірегей автоматтандырылған алгоритмін әзірлеу қажет, оның мақсаты оңтайландыру, сондай-ақ медициналық авиация арқылы шұғыл көмек көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету болады.

Қазіргі уақытта тасымалдауға өтінімдер беру базалық функционалы бар ақпараттық жүйе арқылы жүргізіледі, ол өңірдің медициналық авиация бөлімшесінің үйлестіруші дәрігерінен өтінімді ҰШМҮО диспетчерлік қызметіне толтыруға және жіберуге мүмкіндік береді. Бұл ретте пациенттің медициналық картасы, Талдау нәтижелері және басқа да қажетті құжаттар сияқты қосымша құжаттар тасымалдауға өтінім толтырылғаннан кейін диспетчерлік қызметтің электрондық поштасына жіберіледі.

Авиакомпаниялармен байланыс телефон байланысы арқылы жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде телефон байланысының үзілістерінің туындау мүмкіндігіне, сондай-ақ пациент туралы қосымша деректердің (талдау нәтижелері, нұсқамалар және т.б.) түсу тарихының болмауына байланысты сенімді байланыс арнасы болып табылмайды. Яғни, қатысқан әрбір қызметте пациент туралы деректер әр уақытта пайда болады және ақпарат әр ұйым үшін жеке-жеке енгізіледі. Сондай-ақ, деректердің дұрыс енгізілмеуі немесе олардың толық болмауы ықтималдығы алынып тасталмайды.

Медициналық авиацияның ақпараттық жүйесін құру және енгізу мынадай оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- ✓ құжат айналымының қағаз форматынан кету және барлық бизнес-процестерді электрондық форматқа көшіру;
- ✓ медициналық авиация қызметі мен барлық жұмылдырылған ұйымдар (медициналық мекемелер, авиакомпаниялар) арасындағы жолға қойылған байланыс арналарын қамтамасыз ету;
- ✓ медициналық авиация қызметіне өтінімдерді беру, өңдеу және талдау рәсімдерін уақытты қысқарту және осы рәсімдерді іске асыруды жеңілдету есебінен оңтайландыру;



✓ тарихи деректерді мұрағаттауды ескере отырып, статистикалық ақпаратты нақты уақыт режимінде көрсету;

✓ қалдықтар мен берілген дәрілік заттар мен медициналық жабдықтардың санын қадағалау мүмкіндігімен барлық дәрілік заттар мен медициналық жабдықтар бойынша ақпаратты қамтитын электрондық деректер базасын құру.

Қазіргі уақытта қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және төлеу «Қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № ҚР ДСМ-12 бұйрығымен регламенттелген (*Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22151 болып тіркелген*).

Аймақтық денсаулық сақтау мекемелерінің проблемалары дәрігер-мамандардың, медициналық персоналдың тапшылығы, қалалар мен ауылдардың медициналық орталықтардан қашықтығы және көбінесе шалғай аудандардағы халыққа шұғыл медициналық көмекті тиімсіз ұйымдастыру болып табылады. Қашықтықтан бақылау кезек күттірмейтін көмек қызметтерін пайдалану жиілігін азайтуға, созылмалы ауруларды емдеудің тиімділігін арттыруға және пациенттердің өлім-жітімін төмендетуге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан медициналық қызмет көрсету пациент пен денсаулық сақтау жүйесіне бірқатар артықшылықтар береді:

1. Телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялардың жетістіктері маманның сол жерде болу қажеттілігін жояды. Қалыпты жағдайда қызметкерлерге медициналық көмек көрсету үшін емдеудің тиімділігін едәуір арттыруға және оның ұзақтығын азайтуға мүмкіндік беретін жетекші тәжірибелі мамандардың кеңесі қажет болатын жағдайлар жиі кездеседі.

2. Заманауи диагностикалық аппаратура адамның медициналық зерттеулерінің нәтижелерін цифрлық нысанда (компьютерлік томограммалар, электрокардиограммалар, рентген және т.б.) ұсынуға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде медициналық диагностика деректерін Интернет арқылы немесе электрондық пошта арқылы кез келген қашықтыққа сенімді және сенімді беруге мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер негізінде дәрігерлер дәл диагноз қойып, одан әрі жоғары білікті медициналық көмек көрсете алады.

3. Ірі медициналық орталықтардың әріптестерімен кеңесу мүмкіндігі шағын елді мекендердің медицина қызметкерлерінің кәсіби оқшаулану проблемасын жояды.

ДДҰ-SG 2.6-98 ұсыныстарына сәйкес, телемедицинаның артықшылықтары:

✓ қашықтағы пациенттерді бақылау, бұл стационарда болу күндерінің санын азайтады;

✓ денсаулық сақтау жүйесіндегі уақыт шығынын азайту;



- ✓ күрделі клиникалық жағдайларды диагностикалау мен емдеудегі қиындықтарды жеңу;
- ✓ медициналық көмектің әмбебаптығын қамтамасыз ету кезінде жергілікті клиникаларда диагностика және емдеу мүмкіндігі;
- ✓ кәсіби дағдыларды жаһандық тарату;
- ✓ аурушаңдықты бақылауды қоса алғанда, қоғамдық денсаулықты жақсарту;
- ✓ пациенттерге де, дәрігерлерге де көлік шығындарын төмендету, персоналды оқыту шығындарын азайту, соның ішінде;
- ✓ жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру.

Қашықтықтан медициналық қызметтерді дамыту, басқару шешімдерінің сапасы мен тиімділігін арттыру, дағдарыстық және төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, жағдайларды жедел талдау, модельдеу, болжау мақсатында ҰШМҰО базасында Ахуал орталығы құрылды.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясы кезінде ҰШМҰО Ахуал орталығының мамандары COVID-19 коронавирустық инфекциясы бар пациенттер орналасқан ҚР барлық ауруханалық мекемелерінің медицина мамандарына консультациялық қолдау көрсетті, сондай-ақ реанимация бөлімшелеріндегі ауыр пациенттерінің жай-күйіне үздіксіз мониторинг жүргізді.

Қазіргі уақытта, ҰШМҰО Ахуал орталығы ҚР стационарларының реанимация бөлімшелеріндегі ауыр және өте ауыр жағдайдағы пациенттерге тәулік бойы мониторинг жүргізеді.

### С) Тәуекелдерді басқару

Мүмкін болатын тәуекелдің атауы	Тәуекел туындаған жағдайда іске асырылатын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
<b>Сыртқы тәуекелдер</b>	
Инфрақұрылымның жылдам амортизациясы	Материалдық-техникалық жарақтандыруды күшейтуге бағытталған шаралар кешенін қабылдау. Ургенттік телемедицина жүйесі үшін, оның ішінде МЖӘ шеңберінде материалдық-техникалық база құру нұсқаларын қарау.
<b>Ішкі тәуекелдер</b>	
Кадр ресурстарының тапшылығы	Ахуал орталығының қызметкерлері үшін ынталандырушы еңбек жағдайларын жасау. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға шұғыл көмек көрсетудің қосымша көлеміне қаражаттың қажеттілігі немесе бюджет қаражатын қайта бөлу (жалақыны арттыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б.) туралы ұсыныстар енгізу.



## **2.4. Стратегиялық бағыт 4. Ғылыми-білім беру қызметін дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту**

### **А) Реттелетін саланы немесе қызмет саласын дамытудың негізгі параметрлері**

Қазіргі уақытта медициналық авиация қызметінің қызметкерлері, жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек қызметкерлері, сондай-ақ кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетудің халықаралық стандарттарына оқытуға жататын адамдар үшін оқыту және шұғыл жағдайларды пысықтау мақсатында ҰШМҮО базасында Оқыту-тренингтік орталығы құрылды. Оқыту процесін ұйымдастыру үшін дәріс аудиториялары мен оқу сыныптары, имитациялық және тренажер жабдықтарымен жарақтандыру көзделген.

ОТО негізгі міндеттері:

- практикалық денсаулық сақтау талаптарына және тыңдаушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес ақпаратты берудің жаңа әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы білім беру технологияларын заманауи деңгейде ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- оқу процесінің кестелеріне сәйкес клиникалық сабақтар шеңберінде имитациялық тренажер кешендерінің, оның ішінде электрондық кешендердің базасында практикалық дағдыларды дамытуға, нығайтуға бағытталған білім беру іс-шараларының кешенін жүзеге асыру, білім алушылардың дағдыларын бекіту үшін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, практикалық дағдыларды қорытынды аттестаттау кезеңі және білім мен дағдыларды қорытынды бақылау;

- ҰШМҮО мамандарының үздіксіз кәсіби дамуы (біліктілігін арттыру және қайта даярлау);

- семинарларды, конференцияларды, шарттық мастер-кластарды ұйымдастыру және өткізу;

- 005 «Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша халықаралық мамандарды және біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерін тарта отырып, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу;

- үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында білім беру, әдістемелік, ақпараттық отандық және шетелдік тәжірибені жалпылау негізінде ұсынымдар, құралдар, нұсқаулықтар әзірлеу;

- тыңдаушыларды даярлау процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді құру, әртүрлі медициналық манипуляцияларды орындау алгоритмдерін қалыптастыру, клиникалық ойлауды дамыту, пәнаралық жұмыс дағдыларын дамыту, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту, ситуациялық есептерді шешу.

ОТО функциялары:

1. Білім беру бағдарламаларын, жаңа құзыреттерді, білім мен дағдыларды игеру бойынша оқу процесін ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-ақпараттық қамтамасыз ету.



2. Тренажерларда, симуляторларда, манекендерде, оның ішінде электрондық практикалық дағдыларда оқыту, оқу бағдарламаларына негізделген емдеу-диагностикалық рәсімдер мен манипуляцияларды жүргізу үшін практикалық дағдыларды игеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

3. Тыңдаушылардың кәсіби және медициналық міндеттерді, қызмет алгоритмін шешуді қамтамасыз ететін дағдыларын бекіту және тексеру.

4. Шетелде кадрларды оқытуды ұйымдастыру, шетелден мамандар тарту.

5. Білім алушылардың білім беру бағдарламаларында көзделген білім сапасы мен практикалық дағдыларын қорытынды тексеру.

6. ҰШМҮО базасында оқу процесіне қатысатын ОТО қызметкерлерінің және оқытушылардың (қоса атқарушылардың) кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде арттыру.

2017 жылдан бастап 2022 жылғы сәуірге дейінгі кезеңде ОТО бағдарламалары бойынша 21 170 тыңдаушы оқытылды:

№	Оқу бағдарламасының атауы	Тыңдаушылар саны
1	BLS	4 783
2	ACLS	2 164
3	PALS	1 466
4	PhTLS	1 663
5	Кешенді семинар-тренинг «BLS, ACLS, PALS, PhTLS»	1 061
6	Қауіпсіз жүргізу. Қиын жағдайларда қауіпсіз жүргізу	3 725
7	Пациенттердің емдеуге жатқызуға дейінгі триажы	60
8	BIG құрылғысымен сүйек ішіне кіруді қамтамасыз ету	34
9	Жедел медициналық жәрдемдегі диспетчерлік қызмет	5
10	Алғашқы көмек	5
11	Ұшу физиологиясы және пациенттерді тасымалдау	99

Сонымен қатар, триаж-жүйесі бойынша ҚР стационарларының қабылдау бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырудың ағымдағы мәртебесін анықтау және сыртқы бағалау үшін шеберлік сыныптары өткізілді, 493 медицина қызметкері оқытылды; емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде акушериядағы шұғыл жағдайлар бойынша, облыстық/қалалық ЖМЖ станцияларының 5 612 медицина қызметкері оқытылды.

2020 жылғы қарашада ҰШМҮО ОТО Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік IQAA IA-D №005 2020 жылғы 9 қарашадағы 3 жыл мерзімге берген институционалдық аккредиттеу туралы куәлік алды.

Институционалды аккредиттеудің артықшылықтары:

1. Қазақстандық білім беру қызметтері нарығында имиджді дамыту және бәсекелестік позицияларды нығайту.

2. Орталықтың халықаралық мәртебесін, білім мен қызметтердің жоғары сапасының кепілдіктерін, халықаралық талаптарға сәйкестігін растау.

3. Білім беру кеңістігінде басқа университеттермен ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейту.





4. Негізгі мүдделі тараптардың (әлеуетті тапсырыс берушілердің, тыңдаушылардың және жұртшылықтың) білім беру бағдарламаларының нәтижелілігі мен тиімділігіне сенімін арттыру.

5. Қадағалау органдарының өкілдері тарапынан сенім дәрежесін арттыру.

6. Білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін күшті және әлсіз жақтарын және әрбір стандарт бойынша ұсынымдарды қамтитын сараптамалық қорытынды алу.

7. IQAA тарапынан білім беру қызметтері нарығында орталықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қызмет ететін бағдарламаларды жетілдіруге, инновацияларды енгізуге кәсіби көмек.

8. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа нұсқаушы құрамды тарту.

Жыл сайын ҰШМҮО IQAA-ға институционалдық аккредиттеу шеңберінде сыртқы сараптама тобының ұсынымдары бойынша есеп (аккредиттеуден кейінгі мониторинг) жібереді.

ҰШМҮО өз қызметкерлерінің дамуы мен кәсіби өсуіне мүдделі, осыған байланысты ішкі және сыртқы (оның ішінде халықаралық) негізде үздіксіз білім беруді және біліктілікті арттыруды қолдайды.

Жұмысқа қабылданатын қызметкерлердің белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында қызметкерлерге қойылатын талаптардың бірыңғай біліктілік анықтамалығы және ҰШМҮО санаттарының анықтамалығы әзірленді.

2020 жылғы қарашада ҰШМҮО Денсаулық сақтау жүйесіндегі ұлттық сапа стандарттары талаптарының сәйкестігіне аккредиттелген. I біліктілік санаты расталды.

2020 жылы әкімшілік-басқару персоналы арасында білім бағаланды.

Осы көрсеткіштің өсуін қамтамасыз ету мақсатында бөлімше басшыларымен тығыз ынтымақтастықта біліктілікті арттыру және білімді бағалау жөніндегі оқыту жоспарының өтуіне тұрақты мониторинг жүргізіледі.

### *B) Негізгі мәселелерді талдау*

#### **Білім беру қызметтері нарығындағы жоғары бәсекелестік орта.**

Сапасыз білім беру мәселелері нарықта қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік емес ұйымдардың болуымен байланысты. Аталған ұйымдардың қызметін уәкілетті орган бақыламайды және «Халықаралық стандарттарға сәйкес жедел медициналық көмек көрсету дағдыларына оқыту қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық сақтау вице-министрі А. Ғиният 2021 жылғы 25 ақпандағы № 105 бұйрығымен регламенттелетін талаптар сақталмайды:

– денсаулық сақтау саласындағы оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларына сәйкес Халықаралық Аккредиттелген қауымдастықтарда





халықаралық стандарттарды оқыту бойынша сертификатталған нұсқаушы/жаттықтырушы жоқ.

– оқу-көрнекі құралдармен, пән бойынша практикалық сабақтарға арналған құралдармен және медициналық бұйымдар мен симуляциялық жабдықтардың ең аз тізбесімен жабдықталған симуляциялық кабинеттер жоқ.

– оқыту тыңдаушылар саны 12 адамнан асатын топтарда жүргізіледі.

– Жаһандық деңгейде бұл мәселе зардап шеккендердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда шұғыл медициналық көмек көрсететін мамандардың біліктілік деңгейінің, практикалық дағдыларының төмендеуіне әкеледі.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясы кезінде өңірлерге шығу шектелді, осыған байланысты оқытылған мамандар санының күрт төмендеуі орын алды.

Қазіргі уақытта ұйымда әкімшілік-басқару персоналы арасында кадрлардың ауысуы орын алуда. Қызметкерлердің еңбекке қабілеттілігін жақсарту, сондай-ақ білікті мамандарды тарту және оларды қол жетімділік, бірте-бірте сезіну, уақтылық, кешенділік қағидаттары негізінде ұстап тұру үшін мотивациялық бағдарлама жоқ.

### С) Тәуекелдерді басқару

Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекел туындаған жағдайда іске асырылатын тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
<b>Сыртқы тәуекелдер</b>	
Әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы	Ықтимал онлайн курстарды құру бойынша іс-шараларды әзірлеу
Кадрлар айналымының өсуіне байланысты кадр әлеуетінің төмендеуі	Кадр саясатын іске асыру
Кадрлық резерв жүйесінің болмауы	Қызметкерлер үшін еңбек жағдайларының сапасын арттыру
Қызметкерлердің құзыреттілігін дамытудың жеткіліксіз қарқыны	Қызметкерлерді оқыту, дамыту және тәлімгерлік жүйесін дамыту
<b>Ішкі тәуекелдер</b>	
Адам ресурстарын тиімсіз дамыту және пайдалану	Халықаралық серіктестермен қарқынды ынтымақтастық арқылы халықаралық тәжірибені және технологиялар, білім және үздік тәжірибелер трансфертін зерттеу
Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіз өсу қарқыны	Материалдық-техникалық базаны қамтамасыз ету



### 3-бөлім. Басым бағыттар

#### 3.1. Стратегиялық бағыт 1. Шұғыл медициналық, оның ішінде медициналық авиация нысанында көмек көрсетуді дамыту.

##### 1.1 Мақсат. ҚР халқына медициналық авиация қызметтерін көрсетудің заманауи қолжетімділігін және қауіпсіздігін арттыру

Медициналық авиацияны дамыту басымдығында негізгі бағыт жаңа әуе кемелерін қолдана отырып авиациялық қызметтер көрсету, материалдық-техникалық базаны нығайту (техникалық жай-күйін жақсарту, авиапаркті жаңарту) және медициналық авиация қызметінің әуеайлақтық инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі жұмыс, атап айтқанда: қызмет көрсету аймағын кеңейту, ұшу-қону жолақтарының, жанармай құю станцияларының санын ұлғайту және т. б. болып табылады.

Ұсынылатын медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында ҰШМҮО-ның барлық медициналық қызметкерлері, сондай-ақ консультациялар үшін тартылатын мамандар халықаралық практикаға (BLS, ACLS, PhTLS және т.б.) сәйкес шұғыл медициналық көмек көрсетудің барлық стандарттарын меңгеруі тиіс.

Сондай-ақ, медициналық авиацияның басым бағыттарының бірі ҰШМҮО жаңа ауруханасының базасында өзінің авиациялық бөлімшесін құру болып табылады. Авиациялық бөлімше құру жөніндегі негізгі іс-шаралар:

- авиациялық техниканы сатып алу (1 кезең – халықаралық ұшулар бойынша 3 (+1) ұшақ, өңіраралық ұшулар бойынша 6 (+1) ұшақ);
- жеке әуеайлақ базасын (ЖЖМ қамтамасыз ету жүйесі, арнайы әуеайлақ техникасы) және сервистік техникалық орталықты құру;
- авиациялық техниканы тіркеу және сертификаттау;
- әуе кемелерін пайдалану және қызмет көрсету үшін қызметкерлер штатын құру;
- ұшу және техникалық құраммен жасақтау;
- әуежайларда / ӘК орналасқан жерде ӘК экипаждары мен МАМБ-тың кезекшілігін ұйымдастыру;
- оқыту (аккредиттеу) жүйесін енгізу.

Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстарында Балалар кардиохирургиялық қызметінің жоқтығын ескере отырып, Ақтөбе қаласында өкілдік ашу жоспарлануда. Өкілдік аталған өңірлермен өзара іс-қимылды және туа біткен жүрек ақауы бар балаларды «Ақтөбе медициналық орталығы» ШЖҚ МКК-ге тиісті бригадалармен және санитариялық автокөлікпен жарақтандырылған тасымалдауды қамтамасыз ететін болады.

#### Іске асыру жөніндегі шаралар:

- 1) Нормативтік-құқықтық базаны, оның ішінде ведомствоаралық нормативтік-құқықтық актілерді (ПМ, ДСМ және т. б.) қайта қарау;



- 2) МАМБ және тартылатын мамандарды шұғыл медициналық көмек көрсетудің практикалық дағдыларына оқыту;
- 3) МА қызметінің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- 4) өңірлерде әуесайлақ инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- 5) авиациялық қызметтердің бәсекелестік ортасына шығу;
- 6) әлемдік және жергілікті пайдалану тәжірибесін ескере отырып, әуе паркін ұшақтармен одан әрі жаңарту;
- 7) негізінен аудан орталықтарының жанында орналастырылатын тікұшақ алаңдарының дамыған желісін құру.

### *1.2 Мақсат. ҰШМҮО көпбейінді ауруханасының жобасын іске асыру*

«Самұрық-Қазына «Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен ҚР ДСМ арасындағы 2020 жылғы 17 шілдедегі меморандум негізінде республика қалаларында көп бейінді ауруханалар салу жөніндегі «Салауатты ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 Қаулысы) іске асыру шеңберінде қазіргі уақытта Астана қаласындағы ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК көпбейінді ауруханасының (бұдан әрі – ҰШМҮО ауруханасы) құрылысы жүргізілуде.

ҰШМҮО ауруханасы 200 төсектік заманауи клиникалық базасы бар кешен, оның ішінде 21 бейін бойынша 8 клиникалық орталық, тәулік бойы стационары, 10 төсектік күндізгі стационары, ауысымда 50 келушіге арналған консультативтік-диагностикалық орталығы, өңірлер бойынша шұғыл медициналық жай-күйді мониторингтеу, бақылау және болжау үшін Ахуал-талдау орталығы болатын Қазақстан Республикасы мен Астана қаласының Оқу-клиникалық құрамдас бөлігі болып табылады.

Нысан «Есіл» ауданында Тұран даңғылы мен Хусейн бен Талал көшесінің қиылысында орналасқан, ғимараттың ауданы 55 000 ш. м., учаскенің ауданы – 12 га, тікұшақ тұрағына арналған ангары бар жеке тікұшақ алаңы бар.

ҚМК және бетпе-бет консультациялар және (немесе) білікті бейінді маманды тасымалдайтын орындарда операциялар жүргізу үшін ҰШМҮО ауруханасының ашылуымен штаттық қызметкерлер тартылатын болады, бұл ақшалай қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, білікті мамандармен заманауи медициналық жабдықтармен (КТ, МРТ, ангио, рентген және ультрадыбыстық аппараттар) жабдықталған стационардың болуы медициналық авиация желісі бойынша тасымалданатын пациенттерді емдеуге жатқызу рәсімін едәуір жеңілдетеді және жеделдетеді.

Астана қаласында жедел медициналық жәрдем ауруханасының ашылуы халыққа білікті және мамандандырылған көмек алуға қосымша мүмкіндік береді, өйткені ол тез дамып келе жатқан елорда тұрғындары мен қонақтарына ургентті көмек көрсетеді.



ҰШМҮО жаңа ауруханасының базасында Ұлттық реанимация орталығын (АНА, ERC, NAEMT); Республикалық анестезиология-реаниматология орталығын (Институтын); ультрадыбыстық бақылаумен, ангиографиямен ауырсынуды емдеу орталығын (жіті және созылмалы) (Pain management); септикалық орталықтарды, респираторлық терапияны, политравманы, акушерлік патологиялар орталығын құру жоспарланғанын атап өткен жөн.

**Іске асыру жөніндегі шаралар:**

- 1) медициналық көмек көрсету көлемдеріне (бөлімшелер бөлінісінде), оның ішінде қаржыландыру ағындары мен пациенттердің қозғалысын айқындай отырып (ҚР ДСМ НҚА сәйкес) талдау жүргізу және жоспарлау;
- 2) медициналық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі және көрсетілетін қызметтерді берушілермен шарттар жасасу талаптарының мәселелерін пысықтау;
- 3) ҰШМҮО көпбейінді ауруханасын ашуға рұқсат беру құжаттарын алу мәселелерін пысықтау;
- 4) штат кестесіне сәйкес кадрларды тарту және мамандарды жалдау.

**3.2. Стратегиялық бағыт 2. Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде жедел медициналық жәрдем мен шұғыл медициналық көмек көрсетуді жетілдіру.**

**2.1 Мақсат. Жедел медициналық жәрдем көрсету сапасын арттыру**

Денсаулық сақтау жүйесінің профилактикалық жұмысын күшейтуге баса назар аударып, ЖМЖ мен МСАК арасында жүктемені қайта бөлу жолымен ресурстарды тиімділік пен ұтымды бөлуді арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Міндетті контингенттен басқа (ҚР заңнамасына сәйкес алғашқы көмек көрсетуге міндетті тұлғалар) ұсынылатын контингент (әлеуметтік қызметтерде, ХҚКО, сауда орталықтары және т.б. сияқты адамдар көп жиналатын орындарда жұмыс істейтін тұлғалар) оқытылатын болады.

Сондай-ақ статистикалық есептілікті қалыптастыру және ҰШМҮО деңгейінде санитариялық автокөліктің мониторингі үшін бірыңғай ақпараттық жүйе барлық жерде енгізілетін болады.

2022 жылы қыркүйек айында халықаралық қатысумен ЖМЖ бригадаларының спартакиадасы өткізілді және алдағы уақытта жыл сайын ЖМЖ спартакиадасын өткізу жоспарлануда.

2023 жылы ҚР ДСМ, халықаралық және республикалық медициналық ұйымдардың сарапшыларының қатысуымен «Жедел медициналық жәрдем – 2022» конференциясын және «Еуроазиялық шұғыл медицина қауымдастығы» халықаралық мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымы» қауымдастығының үшінші съезін өткізу жоспарлануда.



**Иске асыру жөніндегі шаралар:**

1) Қазақстан Республикасында жедел медициналық жәрдем көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған 2022 жылғы 22 маусымдағы № 496 Жол картасының мониторингі;

2) ҚР өңірлерінің ЖМЖ барлық медициналық персоналын халықаралық стандарттарға сәйкес шұғыл медициналық көмек көрсету дағдыларына үйрету;

3) ЖМЖ қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, оның ішінде материалдық-техникалық жарақтандыруды, ЖМЖ (қалалық, ауылдық станциялар) көрсету пункттерін бірыңғай үйлестіру мен құрылымдық басқаруды енгізу бөлігінде жақсарту;

4) санитариялық автокөліктің статистикалық есептілігін және мониторингін қалыптастыру үшін бірыңғай ақпараттық жүйені құру;

5) 20 000 және одан жоғары халқы тіркелген МСАК ұйымдарында жедел медициналық жәрдем бөлімшелерін (шақырулардың IV санаты) 100% ашу;

6) ЖМЖ санитариялық автокөлігін сатып алу;

7) 100% медициналық бұйымдармен жарақтандыру;

8) ЖМЖ бригадаларымен 100% жасақтау.

*2.2 Мақсат. ҚР стационарларының қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсету стандартын сақтау*

ҚР шұғыл стационарларының қабылдау бөлімшелерін мынадай шарттарды сақтай отырып қайта құрылымдау бойынша жұмысты жалғастыру:

✓ пациенттерді бейіні бойынша емес (хирургиялық, терапиялық, травматологиялық, гинекологиялық және т. б.), ал жай-күйінің ауырлығы бойынша іріктеу жүргізу;

✓ Бөлімшелердің аумақтық тұтастығы есебінен жай-күй бейіндерінің кең ауқымы бойынша кезек күттірмейтін көмек көрсету;

✓ шұғыл патологиялық жай-күйлерді диагностикалаудың тәулік бойы қолжетімділігін қамтамасыз ету;

✓ Төтенше жағдай кезінде пациенттерді жаппай қабылдау кезінде сапалы жұмысқа дайындықты қамтамасыз ету.

**Иске асыру жөніндегі шаралар:**

Қазақстан Республикасында ЖМЖ көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған 2022 жылғы 22 маусымдағы № 496 бекітілген Жол картасына сәйкес тәулік бойы стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшесі деңгейінде жедел және шұғыл медициналық көмекке арналған бірқатар іс-шаралар орындалатын болады:

– стационарлардағы триаж-жүйе бойынша Медициналық іріктеу негізінде қабылдау бөлімшелерінің жұмысына мониторинг жүргізу;

– стационарлардың қабылдау бөлімшелерін дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;





– стационарлардың қабылдау бөлімшелерінің қызметкерлерін триаж-жүйеге және BLS, ACLS, PALS, PhTLS, NRP халықаралық оқыту стандарттарына оқыту.

Барлық жерде, ҚР стационарларының қабылдау бөлімшелерінде триаж-жүйені енгізу мониторингі мақсатында өңірлерге шығу жүзеге асырылатын болады.

### **3.3. Стратегиялық бағыт 3. Цифрландыруды дамыту**

*3.1 Мақсат. Ахуал орталығын дамыту және қашықтан медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру*

Ұлттық телемедициналық желіні енгізу мақсатында мынадай іске асыру шаралары көзделген: техникалық жоба тұжырымдамасын әзірлеу, телемедицина қызметтеріне қаржыландыруды қайта бөлу, НҚА-ны өзектендіру, жабдықтарды сатып алу және орнату, сондай-ақ консультациялық қызметтерге шарттар жасасу, телемедициналық қызметтер форматының өзгеруін ескере отырып, республикалық бюджеттен қаражатты қайта бөлу, жабдықтарды сатып алу және орнату, үйлестірушілер мен дәрігерлерді оқыту жабдықтармен, қызмет көрсету стандарттарымен жұмыс істеу.

Телемедицинаны дамытудың негізгі бағыттары:

- Ақпараттық жүйені әзірлеу және енгізу арқылы телемедицинаның бірыңғай желісін құру;

- Динамикалық бақылаудың телемедициналық жүйесін құру.

ҰШМҮО базасында ургентті телемедицинаның бірыңғай орталығын құрудың күтілетін нәтижелері:

- әлеуметтік жағдайы мен тұрғылықты жеріне қарамастан азаматтарға шұғыл медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру;

- пациенттің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайлар/оқиғалар туындаған кезде жағдайды талдаудың және басқару шешімдерін әзірлеудің дұрыстығын қамтамасыз ету;

- шет аудандардағы шұғыл пациенттердің денсаулық жай-күйіне мониторинг жүргізу.

#### **Іске асыру жөніндегі шаралар:**

Мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарды келісу және бекіту:

1) «Республикалық телемедицина желісі» жобасы;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 3 тамыздағы № 471 бұйрығымен бекітілген телемедицина орталықтарының қызметі туралы Ережеге ургентті (мобильдік) телемедицина туралы өзгерістер енгізу;

3) Павлодар және Қызылорда облыстарында ургентті (мобильдік) телемедицина бойынша пилоттық жобаларды енгізу бойынша бұйрық әзірлеу.





Сонымен қатар Қазақстан Республикасында ургент телемедицинасын енгізуді іске асыру үшін ҰШМҮО қаржыландырудың мынадай үлгілері қаралатын болады:

1) телемедициналық жабдықты жалға алуға, қолданыстағы е-жүйелермен байланыс пен интеграцияны қамтамасыз етуге ұзақ мерзімді шарт жасасу. Телемедицина қызметтерін жеткізушіні жалдау шартына сәйкес ҰШМҮО телемедицина жабдықтарының кешенін ұсынады және жабдыққа сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

2) қолданыстағы е-жүйелерімен телемедициналық жабдыққа сервистік қызмет көрсетуге ұзақ мерзімді шарт жасасу. Телемедициналық қызмет көрсетуді жеткізуші сервистік қызмет көрсету шартына сәйкес ҰШМҮО телемедициналық жабдық кешенін ұсынады және абоненттік ақыға жабдыққа сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

3) МЖӘ.

### 3.2 Мақсат. IT-инфрақұрылымды жаңғырту

Медициналық авиация АЖ құрудың мақсаты медициналық авиация қызметінің сыртқы және ішкі процестерін тиімді реттеуді қамтамасыз ету, пациенттерді тасымалдауға, донорлық органдарды тасымалдауға, көшпелі операциялар мақсатында дәрігер-мамандарды тасымалдауға өтінімдерді беруді және өңдеуді жүзеге асыру, сондай-ақ тартылған қызметтермен (әуекомпаниялар, медициналық мекемелер) өзара іс-қимыл арналарын автоматтандыру болып табылады.

Бұл АЖ құру мынадай оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- құжат айналымының қағаз форматынан кету және барлық бизнес-процестерді электрондық форматқа көшіру;
- медициналық авиация қызметі мен барлық жұмылдырылған ұйымдар (медициналық мекемелер, әуекомпаниялар) арасында біріздендірілген байланыс арналарын қамтамасыз ету;
- уақытты қысқарту және осы рәсімдерді іске асыруды жеңілдету есебінен медициналық авиация қызметіне өтінімдерді беру, өңдеу және талдау рәсімдерін оңтайландыру;
- арзивтік деректерді мұрағаттауды ескере отырып, статистикалық ақпаратты нақты уақыт режимінде көрсету;
- барлық дәрілік заттар мен медициналық жабдықтар бойынша ақпаратты қамтитын, қалдықтар мен берілген дәрілік заттар мен медициналық жабдықтардың санын қадағалау мүмкіндігімен электрондық деректер базасын құру.

ЖМЖ АЖ мынадай міндеттерді шешеді:

- Өртүрлі өлшемшарттар бойынша ерікті түрде іздеу, ҚР барлық қосылған серверлері бойынша ЖМЖ шақыруларын қарау және көрсету, соның ішінде шақырулардың үлгілерін алу.



- ҚР бойынша деректермен жұмыс жасай отырып, стандартты есептерді орындау.
- Республикалық инфографиканы көрсету функциясы (жасына, диагнозына, себебіне және т.б. бойынша шақыруларды бөлудің графиктері мен диаграммаларын жылдам құру).
- Аймақтық серверлерден жүктелетін деректерді басқарудың тұтас функциясы.

Республикалық деңгейдегі есептіліктің ішкі жүйесі интерфейстің жылдам жауап беруімен, есептерді орындаудың жоғары жылдамдығымен, серверлік және клиенттік аппараттық құралдарға барабар талаптармен сипатталады.

### **3.4. Стратегиялық бағыт 4. Ғылыми-білім беру қызметін дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту**

#### **4.1 Мақсат. ҰШМҮО қызметінде ғылыми-білім беру бағытын дамыту**

«Халықаралық стандарттарға сәйкес жедел медициналық жәрдем көрсету дағдыларына оқыту қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық сақтау вице-министрі А. Финияттың 2021 жылғы 25 ақпандағы № 105 бұйрығына (бұдан әрі – бұйрық) сәйкес **ҰШМҮО** облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың қалалық МСАК станциялары, МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ бөлімшелері және стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелері қызметкерлерін **жедел медициналық көмек көрсетудің халықаралық стандарттарына оқыту процесінде алған білімдерінің сапасына мониторинг жүргізу және бақылау жөніндегі бірыңғай оператор болып табылады.**

ҰШМҮО бұйрықтың осы нормасы шеңберінде ҰШМҮО, облыстық және қалалық ЖМЖ станциялары, МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ бөлімшелері және стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелері қызметкерлерін халықаралық стандарттарға үздіксіз кәсіптік оқыту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Сондай-ақ, жедел медициналық көмек көрсетудің халықаралық стандарттарын оқыту процесінде алған білімдерінің сапасын бақылау мақсатында ҰШМҮО оқытылған мамандар мен трейсерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

ҰШМҮО жаңа аурухананың ұйымдық құрылымында ОҒБ болатынын айта кету керек.

ОҒБ-ның негізгі міндеті денсаулық сақтау саласындағы ғылыми, инновациялық және білім беру қызметін дамытуды қамтамасыз ету, медицина кадрларын даярлау процесінде озық ғылыми-зерттеу жетістіктерін пайдалану болып табылады.

ОҒБ қызметі шеңберінде жүзеге асырылады:

- ғылыми зерттеулер жүргізу;



- денсаулық сақтау саласындағы ғылыми, инновациялық және білім беру қызметі мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;
- диагностика және емдеу хаттамаларының, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдардың алынған ғылыми нәтижелері негізінде әзірлеу және дамыту;

- тақырыптық ғылыми конференциялар, біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер, мастер-класстар және т.б. өткізу;

- ғылыми журналдарда мақалалар жариялау, ғылыми конференцияларда баяндамалар қою арқылы алынған ғылыми-зерттеу нәтижелерін жариялау.

ҰШМҮО ғылыми-білім беру қызметін дамыту мақсатында инвестициялар тарту және зерттеу нәтижелерін тарату бойынша әріптестікті дамыту жоспарлануда.

Серіктестік қатынастарды орнату және жедел көмек бойынша сертификатталған мамандарды даярлау саласында ұзақ мерзімді тиімді және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мақсатында Қазақстанда жүрек аурулары мен инсульттермен күресу үшін медициналық ұйымдармен, республиканың және шет елдердің ЖОО-мен шарттар/меморандумдар жасасу жоспарлануда.

ҰШМҮО ОТО жұмысы институционалдық аккредиттеу талаптарына сәйкес келтірілетін болады. Білім беру құзыретін дамыту және ҰШМҮО мамандарының жарияланымдық белсенділігін арттыру бойынша тәсілдер қолданылатын болады.

### **Іске асыру жөніндегі шаралар:**

- Қазақстан Республикасында жарақат алған кезде медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған 2022 жылғы 11 наурыздағы № 178 жол картасының мониторингі;

- Қазақстан Республикасында ЖМЖ көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған 2022 жылғы 22 маусымдағы № 496 жол картасының мониторингі;

- Ғылыми-зерттеу, іргелі және қолданбалы жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ету;

- Шет елдердің ғылыми-зерттеу институттарымен және орталықтарымен, халықаралық ұйымдармен және шұғыл медициналық көмек қызметі бойынша қауымдастықтармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

- Ақылы медициналық қызметтерді кеңейту үшін маркетинг процесін дамыту;

- Қаржылық тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру;

- Денсаулық сақтау мамандарын басым бағыт бойынша оқыту бағдарламаларын іске асыру.



#### 4.2 Мақсат. Ресурстарды тиімді пайдалану және кадр ресурстарын жетілдіру, нығайту және дамыту

ҰШМҮО-да адам ресурстарын дамытудың басым бағыты қызметкерлердің кәсібилігін, адамгершілік және еңбек тәрбиесін арттыру мақсатында тәлімгерлік жүйесін дамыту; қызметкердің өзі атқаратын лауазымда білікті маман ретінде қалыптасу процесін жеделдету; қызметкердің жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және міндеттерді сапалы орындауға уәждемесін қалыптастыру, ағымдағы күнделікті қызметті жүзеге асыруда жан-жақты көмек көрсету және қолдау көрсету; қызметкерлерде моральдық-адамгершілік қасиеттерді, адалдықты, тәртіпті, патриотизмді, қызметтік міндеттерді орындауға саналы көзқарасты, жұмыста жоғары нәтижелерге үнемі қол жеткізуге ұмтылысты қалыптастыру болып табылады.

Үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, кадрлық әлеуетті нығайту мақсатында персоналды басқару жөніндегі бағдарламалар (HR-менеджмент): қызметкерлерді тарту процесі, мамандардың құзыреттілік деңгейлерін қалыптастыру, персоналдың қанағаттанушылығын бағалау енгізілетін және дамытылатын болады.

Жоғары білікті персоналды тарту және ұстап қалу, еңбекке ақы төлеудің сараланған жүйесін жетілдіру (қызметтің түпкілікті нәтижелеріне негізделген), ғылыми өсуді қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шараларын әзірлеуге назар аударылатын болады.

Сондай-ақ, медициналық және медициналық емес персоналдың қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге (жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен эргономикасы, пациентке бағдарланған штат саны және халықаралық стандарттарға сәйкес кесте және т.б.) көп көңіл бөлінетін болады.

Клиникалық мамандарды даярлаумен қатар госпитальдық басқару, экономика және қаржы, жобаларды басқару, маркетинг, HR және т. б. бағыттар бойынша медициналық емес кадрларды оқыту жалғастырылатын болады.

#### **Іске асыру жөніндегі шаралар:**

- Денсаулық сақтау саласындағы НҚА көзделген оқыту нысандары бойынша медициналық және фармацевтикалық білімі бар жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету;
- Кадр әлеуетін арттыру және материалдық-техникалық базаны кеңейту арқылы ресурстық базаны жетілдіру;
- Оқу нәтижелерін кейіннен бағалай отырып, оның ішінде шетелдік мамандарды тарта отырып, өз кадрларын тұрақты оқыту;
- Медициналық мекемелер (JSI) үшін сапа және қауіпсіздік саласындағы аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі бойынша ҰШМҮО аккредиттеуден өту;
- Денсаулық сақтау жүйесіндегі ұлттық сапа стандарттарының талаптарына сәйкестігіне ҰШМҮО қайта кредиттеуден өту.



**4-бөлім. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 - 2024 жылдарға арналған даму жоспарымен стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысының архитектурасы**

<b>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің даму жоспары</b>			
<b>Стратегиялық бағыт 1.</b> Халықтың денсаулығын нығайту		<b>Стратегиялық бағыт 2.</b> Денсаулық сақтау жүйесінің пациентке бағдарлануын арттыру	
↑		↑	
<b>Мемлекеттік органның мақсаттары</b>			
<b>1 Мақсат. 2 медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту</b>		<b>Мақсат 2.1 ауруларды диагностикалау мен емдеуге инновациялық технологияларды және дербестендірілген тәсілді енгізу</b>	
<b>ҚР ДСМ ҰШМҰО Стратегиялық бағыттары</b>			
↓			
<b>1. Стратегиялық бағыт . Шұғыл медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде медициналық авиацияны дамыту</b>	<b>2. Стратегиялық бағыт.</b> Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде жедел медициналық жәрдем мен шұғыл медициналық көмек көрсетуді жетілдіру	<b>3. Стратегиялық бағыт.</b> Цифрландыруды дамыту	<b>4. Стратегиялық бағыт</b> Ғылыми-білім беру қызметін дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту
<b>ҚР ДСМ ҰШМҰО мақсаттары</b>			
↑	↑	↑	↑
<b>1.1. Мақсат</b> ҚР халқына медициналық авиация қызметтерін көрсетудің қазіргі заманғы қолжетімділігін және қауіпсіздігін арттыру	<b>2.1. Мақсат</b> Жедел медициналық жәрдем көрсету сапасын арттыру	<b>3.1. Мақсат</b> Ахуал орталығын дамыту және қашықтан медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру	<b>4.1. Мақсат</b> ҰШМҰО қызметінде ғылыми-білім беру бағытын дамыту
<b>1.2. Мақсат</b> ҰШМҰО көпбейінді ауруханасының жобасын іске асыру	<b>2.2. Мақсат</b> ҚР стационарларының қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсету стандартын сақтау	<b>3.2. Мақсат</b> ІТ-инфрақұрылымды жаңғырту	<b>4.2. Мақсат</b> Ресурстарды тиімді пайдалану және кадр ресурстарын жетілдіру, нығайту және дамыту
↑	↑	↑	↑
<b>Бюджеттік Бағдарламалар</b>		<b>Бюджеттен тыс қаражат</b>	
067 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы		Ақылы қызмет көрсетуден ұйымның табысы	





**5-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы индикаторлар**

№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлшем бірл.	Есептеу формуласы	2021 жыл фактісі	Жоспарлы кезең				
							2022 жыл	2023 год	2024 год	2025 год	2026 год
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
<b>Стратегиялық бағыт 1. Шұғыл медициналық көмек, оның ішінде медициналық авиацияны көрсетуді дамыту</b>											
<i>Мақсат 1.1. ҚР халқына медициналық авиация нысанында шұғыл медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылығы мен қауіпсіздігін арттыру</i>											
1.	Көрсетілген медициналық қызметтер саны	ШМТ жҮБ	Есеп	Абс.	Көрсетілген медициналық қызметтердің абсолютті саны	4 960	5 250	5 407	5 569	5 736	5 908
2.	Медициналық авиацияның ұшу саны	ШМТ жҮБ	Есеп	Абс.	Медициналық авиация қызметінің ұшуларының абсолютті саны	2 586	2 263	2 413	2 413	2 413	2 413
3.	Алдын алуға болмайтын жағдайларды қоспағанда, әуе кемесімен тасымалдау кезіндегі өлім жағдайларының коэффициенті (тасымалданатын 1000 пациентке)	ШМТ жҮБ	Есеп	%	Әуе кемесімен тасымалдау кезіндегі өлім-жітім жағдайларының саны, алдын алуға болмайтын жағдайларды қоспағанда / тасымалданған жағдайлардың жалпы саны *1000	0	0,44	0,41	0,41	0,41	0,41
4.	Ұшулардың жалпы санынан алғашқы 24 сағат ішінде медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсету жағдайларының үлесі	ШМТ жҮБ	Есеп	%	Алғашқы 24 сағатта орындалған өтінімдер саны / орындалған өтінімдердің жалпы саны * 100	99	91	91,5	92	92,5	93
<b>Мақсат 1.2. ҰШМҮО көпбейінді ауруханасының жобасын іске асыру</b>											
1.	ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК көпбейінді ауруханасын ашу	СДж МБ	Ақпарат		Орындалған іс-шаралар саны / іс-шаралардың жалпы саны * 100	-	24	60	100	-	-



№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлшем бірл.	Есептеу формуласы	2021 жыл фактісі	Жоспарлы кезен				
							2022 жыл	2023 год	2024 год	2025 год	2026 год
	шеңберінде іс-шараларды іске асыру бойынша Жол картасын орындау үлесі										

**Стратегиялық бағыт 2. Стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде жедел медициналық көмек пен шұғыл медициналық көмек көрсетуді жетілдіру**

*Мақсат 2.1. Жедел медициналық көмек көрсету сапасын арттыру*

1.	ЖМЖ бригадалары орындаған сәтті реанимация үшін (ҰШМУО нұсқаушылары оқытатын өңірлерде)	УТЦ, ШМТ жҮБ	Есеп	%	Количество успешных случаев реанимации, выполненной бригадами СМП (в регионах, где проведено обучение инструкторами НКЦЭМ) / количество случаев реанимации, выполненной бригадами СМП (в регионах, где проведено обучение инструкторами НКЦЭМ) *100	48,5	48,5	49	49,5	50	50,5
----	---	--------------	------	---	---	------	------	----	------	----	------

*Мақсат 2.2. ҚР стационарларының қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсету стандартын сақтау*

1.	ҚР стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес қабылдау бөлімшелерінің жұмысы бойынша шығу саны	ШМТ жҮБ	Есеп	Абс.	Өңірлерге шығу саны	3	4	5	6	7	8
----	---	---------	------	------	---------------------	---	---	---	---	---	---

**Стратегиялық бағыт 3. Цифрландыруды дамыту**

*Мақсат 3.1. Ахуал орталығын дамыту және қашықтан медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру*



Стратегия развития на 2022-2026 годы

№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлшем бірл.	Есептеу формуласы	2021 жыл фактісі	Жоспарлы кезен				
							2022 жыл	2023 год	2024 год	2025 год	2026 год
1.	Ургентті медициналық қашықтықтан қызметтерді арттыру	ШМТ ЖҮБ, АО	Есеп	Абс.	Ургентті медициналық қашықтықтан қызметтердің абсолютті саны	1566	1746	1796	1846	1896	1946
<i>Мақсат 3.2. IT-инфрақұрылымды жаңғырту</i>											
1.	ҰШМҮО жұмысының цифрлық режиміне көшу деңгейі	АТБ, ЭЖж ТБ	Есеп	%	Цифрлық жұмыс режиміне ауыстырылған ҰШМҮО-ның жұмыс процестерінің үлесі	0	0	30	60	90	100
<b>Стратегиялық бағыт 4. Ғылыми-білім беру қызметін дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту</b>											
<i>Мақсат 4.1. ҰШМҮО қызметінде ғылыми-білім беру бағытын дамыту</i>											
1.	Оқыту курстарының саны (BLS, ACLS, PALS, PhTLS, басқа семинар-тренингтер және шеберлік кластары)	ОТО	Есеп	Абс.	Өткізілген семинар-тренингтердің, шеберлік-кластардың және т. б. абсолютті саны	2 434	1 890	1 985	2 084	2 188	2 297
2.	ҰШМҮО нұсқаушылары оқытқан контингент арасында санитариялық автокөліктің қатысуымен болған ЖКО үлесі	УТЦ	Отчет	%	Количество обученного контингента водителей инструкторами НКЦЭМ, совершивших ДТП, с участием медицинского транспорта / общее количество обученного контингента водителей инструкторами НКЦЭМ * 100	0,3	0,5	0,4	0,3	0,2	0,1
3.	ЖМЖ қызметкерлерінің халықаралық стандарттарға сәйкес шұғыл медициналық көмек көрсету дағдыларын (BLS) меңгеру деңгейін арттыру	УТЦ	Отчет	%	Доля сотрудников СМП, обученных стандарту BLS к общей потребности в обучении по данному стандарту (по РК)	85,3	96	96,5	97	97,5	98



Стратегия развития на 2022-2026 годы

№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлшем бірл.	Есептеу формуласы	2021 жыл фактісі	Жоспарлы кезен				
							2022 жыл	2023 год	2024 год	2025 год	2026 год
<i>Мақсат 4.2. Ресурстарды тиімді пайдалану және кадр ресурстарын жетілдіру, нығайту және дамыту</i>											
1.	Кадрлар айналымының төмендеуі (медициналық персонал)	АРБ	Есеп	%	Тікелей өтімділікке жататын себептер бойынша жұмыстан шыққан медициналық персоналдың саны (өз қалауы бойынша, еңбек тәртібін бұзғаны үшін) / медициналық персоналдың жалпы саны*100	5,1	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
2.	Біліктілікті арттырудан өткен ҰШМҮО қызметкерлерінің үлесін арттыру	АРБ	Есеп	%	Біліктілікті арттырудан өткен қызметкерлер саны / қызметкерлердің жалпы саны*100	47	48	49	50	51	52



## 6-бөлім. Ресурстар

Ресурстар	Өлшем бірл.	2021 жыл фактісі	Жоспарлы кезең				
			2022 жыл	2023 год	2024 год	2025 год	2022 жыл
Мақсат 1.1.: ҚР халқына медициналық авиация нысанында шұғыл медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылығы мен қауіпсіздігін арттыру							
Қаржылық	мың теңге	9 576 807	10 531 218	11 492 218	11 526 465	11 456 122	11 456 122
Оның ішінде,							
067 Бюджеттік бағдарлама		9 576 807	10 531 218	11 492 218	11 526 465	11 456 122	11 456 122





**Аббревиатураларды ашып жазу:**

**ААӘ** – «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ  
**АБЖ** - Автоматты басқару жүйесі  
**АЖ** – Ақпараттық жүйе  
**АҚ** – Акционерлік қоғам  
**АРБ** – Адам ресурстары бөлімі  
**АТБ** – Ақпараттық технологиялар басқармасы **ӘК** – Әуе кемесі  
**БАҚ** – Бұқаралық ақпарат құралдары  
**ББ** – Бюджеттік бағдарлама  
**ҒББ** – Ғылым және білім басқармасы **ҚР ДСМ** – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
**КТ** – Компьютерлік томография  
**ҚР** – Қазақстан Республикасы  
**ҚМҚ** – қашықтан медициналық қызметтер  
**ЖӘЖ** – Жергілікті әуе желілері  
**ЖМЖ** - Жедел медициналық жәрдем  
**ЖЖМ** – Жанар-жағармай материалдары  
**ЖОО** – Жоғары оқу орны  
**ЖШС** – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
**ИКАО** – Халықаралық азаматтық авиация ұйымы-Халықаралық Азаматтық авиация нормаларын белгілейтін Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі  
**МА** – Медициналық авиация  
**МАМБ** – Медициналық авиацияның мобильдік бригадасы  
**МЖӘ** – Мемлекеттік-жекешелік әріптестік  
**МРТ** – Магниттік-резонанстық томография  
**МҰ** – медициналық ұйым  
**НҚА** – Нормативтік құқықтық акт  
**ЖКО** – Жол-көлік оқиғасы  
**ҚЖА** – Қан айналымы жүйесінің аурулары  
**СОР** - Стандартты операциялық (жұмыс) рәсімдері  
**BLS** – Basic life support

**ACLS** – Advanced cardiac life support  
**PALS** – Pediatric Advanced Life Support  
**ATLS** – Advanced Trauma Life Support  
**NRP** – Neonatal Resuscitation Program  
**МСАК** - Медициналық-санитариялық алғашқы көмек  
**EDIS** – Emergency department information system  
**ОТО** – Оқыту-тренингтік орталық  
**АНА** – American Heart Association  
**ERC** – European Resuscitation Council  
**NAEMT** – National Association of Emergency Medical Technicians  
**JSI** – Joint Commission International  
**ҰШМҰО** - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»  
**ШЖҚ РМК**  
**СБЖСБ** – Сапаны бақылау және сараптама басқармасы  
**ТЖ** – Төтенше жағдай  
**ІМ** – Ішкі істер министрлігі  
**ШЖҚ МКК** – шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын  
**ШМТЖҰБ** – Шұғыл медицинаны талдау және үйлестіру басқармасы  
**ХҚКО** – Халыққа қызмет көрсету орталығы  
**ЭЖЖТБ** – Экономикалық жоспарлау және талдау бөлімі